



# ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ “КӨПБЕЙІНДІ ҚАЛАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ” ШЖҚ КМК



**2024 жылдың 11 айының  
қорытындысы бойынша  
“Көпбейінді қалалық  
ауруханасы” ШЖҚ КМК-ның  
атқарған жұмыстарының есебі**



# 2024 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша “Көпбейінді қалалық ауруханасы” ШЖҚ КМК-ның атқарған жұмыстарының есебінің мазмұны



**ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ**



**КАДР ҚЫЗМЕТІ**



**ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ АНАЛИЗИ**



**НЕГІЗІ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТ БАҒЫТЫНЫҢ ЕСЕБІ**



**АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР**



**ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**



<b>Мекеменің толық атауы:</b>	<b>«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының “Көпбейінді қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны</b>
<b>Мекен – жайы және орналасқан жері:</b>	<b>Қызылорда қаласы, Н. Абуов көшесі, 29</b>
<b>Мекеме басшысы:</b>	<b>Амитов Нуридин Егенбердиевич</b>
<b>Мемлекеттік тіркелу куәлігі:</b>	<b>БСН 080440003924 20.12.2019 жыл.</b>
<b>Мемлекеттік лицензия:</b>	<b>№20000129 06.01.2020ж.</b>

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ

2024 ЖЫЛДЫҢ 09-11 ЖЕЛТОҚСАН  
АРАЛЫҒЫНДА АККРЕДИТАЦИЯДАН ӨТІЛДІ

«Халықты уақытылы, қауіпсіз, жоғары сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету!»


## БІЗДІҢ МАҚСАТТАРЫМЫЗ

1. Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша аурухана қызметін жетілдіру, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету;
2. Халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру;
3. Аурухананың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.





# Аурухана құрылымы





**Көпбейінді қалалық ауруханасы** халыққа тәуліктік стационарлық медициналық көмек, тәуліктік стационарды алмастыратын терапиялық және тәуліктік стационарды алмастыратын хирургиялық көмек көрсетуде. Аурухана аптасына төрт күн жедел түрде медициналық көмек көрсетеді. Сонымен бірге, Ауруханада қала бойынша тәулік бойы травматологиялық бекет жұмыс атқарады.

Қазіргі таңда аурухана **230 төсек-орындық тәуліктік стационар, 25 төсек-орындық күндізгі стационар, 24 ақылы бөліміне** арналған төсек орынмен қала және облыс халқына **кардиологиялық, пульмонологиялық, ревматологиялық, эндокринологиялық, гастроэнтерологиялық, гематологиялық, токсикологиялық, аллергологиялық, неврологиялық, хирургиялық, урологиялық, гинекологиялық, травматологиялық, нейрохирургиялық, жақ-бет хирургиясы, нейроинсульттық, 2-3 этапты қалпына келтіру бейіндері** бойынша медициналық көмек көрсетіп келеді.


# *Аурухана тарихы*

- Қызылорда қалалық көпсалалы ауруханасы 1977 жылы салынып қараша айында қолдануға берілді.
- 1997 жылы облыстық Денсаулық сақтау саласының реформалануына және сапа құрылымдарының өзгеруіне байланысты қалалық аурухана «Денсаулық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып жекешелендірілді.
- 1997 жылдың желтоқсан айынан бастап төсектер санына қысқарту басталып, 2008 жылы төсек саны 95-ке дейін, ал аурухана қызметкерлері саны 444-тен 162-ге дейін азайды.
- 2000-2007 жылдар аралығында ғимараттар мен бөлімдер тұрғын үйге, кәсіпкерлік нысандарға сатылып, тек негізгі ғимарат пен асхана бөлімімен 2008 жылдың 31 наурызында Облыс әкімінің шешімімен аурухана мемлекет меншігіне алынып «Қызылорда қалалық ауруханасы» мемлекеттік мекемесі болып 160 төсек-орынмен қайта құрылды.
- 2011 жылдан бастап ШЖҚ МКК «Қызылорда қалалық ауруханасы» болып құрылды.
- 2009 жылы ауруханаға «Жол картасы» бағдарламасы бойынша қаржы бөлініп күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.
- Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 2011 жылдан бастап ШЖҚ МКК «Қызылорда қалалық ауруханасы» болып қайта құрылып халыққа 220 төсек орынмен сапалы медициналық көмек көрсетті.
- Қызылорда облысы әкімі Қ.Ысқақовтың 04.09.2019 жылғы №78 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді қалалық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталды.
- Қазіргі таңда Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының 2024 жылдың қыркүйек айының 30 күнгі №476 бұйрық негізінде 2024 жылдың қазан айының 31 бастап аурухананың жалпы төсек орын саны: тәуліктік стационар – 230, күндізгі стационар – 25, ақылы бөлім – 24 төсек орындармен халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетуде.

# КАДР ҚЫЗМЕТІ

2023ж 11 ай  
Барлығы 390

2023ж 11 ай



2024ж 11 ай  
Барлығы 384

2024ж 11 ай




2024 жылдың 11 ай қорытындысымен Аурухана орта, кіші буын медицина қызметкерлерімен 100 пайыз қамтылған. Қазіргі таңда ауруханаға зертханашы дәрігері қажет.

2024 жылдың қараша айында травматологиялық бекет, гинекология бөлімі қызметкерлері және қабылдау бөлімінде шұғыл медициналық көмек көрсететін барлық дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлеріне базалық реанимация бағыттары бойынша (*BLS, ACLS, PALS, PHTLS*) оқыту жүргізілді.

Биылғы таңда аурухана бойынша санаттылық:

- Дәрігерлер: жоғары санат-7, бірінші санат – 9, екінші санат – 8, санатсыз – 38.
- Орта буын қызметкерлер: жоғары санат-24, бірінші санат – 22, екінші санат – 5, санатсыз – 138.





## МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚҰРАЛ ЖАБДЫҚТАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

### Медициналық техниканы басқару жүйесінің көрсеткіші (СУМТ )



2023 жыл → **94,4%**

2023 жылы алынған негізгі құралдар

**17млн 165,2 мың теңге**

2024 жыл → **94,4%**

2024 жылы алынған негізгі құралдар

**3млн 831,8 мың теңге**

2023 жылдың Облыстық денсаулық сақтау басқармасының қаржыландыруымен 20 дана компьютер жиынтығы – 4 млн 928,0 мың теңгеге сатып алынды.

2024 жылды барлығы 39 млн 135,8 мың теңгеге құрал-жабдықтар алынды, оның ішінде 35 млн 304,0 мың теңге «Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасынан» қайтарымсыз тауар, атап айтқанда «Көп функционалды кровать» және 3 млн 831,8 мың теңгеге негізгі құрал сатып алынды. Жергілікті бюджет есебінен – 434 млн 481,0 мың теңге қаржы бөлініп, Компьютерлік томография және жылжымалы С-дуга рентген аппараты алынды.



## АУРУХАНАҒА ТҮСКЕН ҚАРЖЫ КӨЛЕМІ

Медициналық көмек түрі	2023ж	2024 ж
«ӘМСҚ» КЕАҚ	2 млрд 053 млн 380,4 мың теңге	2 млрд 455 млн 821,3 мың теңге
Ақылы бөлімі	67 млн 785,9 мың теңге	60 млн 298,8 мың теңге
Өзгеде түсімдер	3 млн 617,2 мың теңге	10 млн 718,2 мың теңге
Қайтарымсыз тауар	2 млн 297,5 мың теңге	52 млн 344,2 мың теңге
Жергілікті бюджет	4 млн 928 мың теңге	434 млн 481,0 мың теңге
<b>Барлығы</b>	<b>2 млрд 132 млн 009,0 мың теңге</b>	<b>3 млрд 013 млн 663,5 мың теңге</b>

**«ӘМСҚ» КЕАҚ келісім шарт бойынша барлығы 2023 жылы 2 млрд 053 млн 380,4 мың теңге**

**«ӘМСҚ» КЕАҚ келісім шарт бойынша барлығы 2024 жылы 2 млрд 455 млн 821,3 мың теңге**



# АУРУХАНАНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ АНАЛИЗІ

2023 жылдың 1 қаңтар күнінен бастап 2023-2025 жылдарға арналған салалық келісімге сәйкес медицина қызметкерлерінің жалақысы (*дәрігерлер жалақысы 30%-ға, орта буын медицина қызметкерлерінің жалақысы 20%-ға*) көтерілген болатын. 2024 жылы кіші аяжандар мен басқада қызметкерлердің ғана айлық жалақысының түзету коэффициенттері өзгерді. Ұлттық статистика бюросының 2024 жылғы II тоқсанда қызметкерлерге есептелген мәліметіне сәйкес өңірлер бойынша қызметкерлердің айлық жалақысының орташа мәні Қызылорда облысында – 360 840 теңгені құрайды. Өсім 2023 жылғы II тоқсанға 9,2% құрады.

## Аурухана қызметкерлерінің орташа жалақы көлемі салыстырмалы түрде

	2023жыл	2024 жыл
Дәрігерлер	567 165	584 590
Орта буын медициналық қызметкерлері	250 550	266 660
Кіші аяжандар	158 767	177 480
Басқалар	131 986	174 990



## АУРУХАНАНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ АНАЛИЗИ

2023 жылы ауруханада штаттық бірліктер барлығы 520,5 болса, 2024 жылы штаттық бірліктер 485,25 ке тең. 35,25 (26,25 аурухана бойынша, 9 ақылы бөлімнен) штаттық бірлік қысқартылды. Ешқандай қызметкер жұмыстан босатылған жоқ, алайда қосымша алып жүрген бірліктері тоқтатылды.

2024 жылдың басына **228 млн 952,3 мың теңге** кредиторлық қарызбен, 47 млн 325,5 мың теңге дебиторлық қарызбен шықтық. Оның ішінде дебиторлық қарыз: «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры – 47 млн 000 мың теңге, «КазТрансГазАймақ» акционерлік қоғамына – 325 мың 500 теңге .

2024 жылдың 20 желтоқсанында ауруханада 380 млн 020,4 мың теңге кредиторлық берешек қалыптасты. Жыл соңына дейін 75 млн 000,0 мың теңге болжамды кредиторлық берешек қалыптасу ықтималы бар.



	2023жыл 11 ай	2024жыл 11 ай
<b>Жалпы түскен арыз саны</b>	9	13
<b>Оның ішінде: МФБК (ККМФД)</b>	4	2
<b>Облыстық денсаулық сақтау басқармасына</b>	4	7
<b>e-Otinish</b> <i>Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы</i>	1	4
<b>Кері қайтарылғаны</b>	0	0
<b>Қайталанған арыз саны</b>	0	0
<b>Негізді арыз саны</b>	0	0
<b>Ішінара негізді арыз саны</b>	3	3
<b>Негізсіз арыз саны</b>	6	10



## АУРУХАНАНЫҢ ТӘУЛІКТІК СТАЦИОНАР КӨРСЕТКІШТЕРІ

	2023 жыл 11 ай	2024 жыл 11 ай
<b>Төсек саны</b>	<b>230</b>	<b>230</b>
<b>Емделген науқастар саны</b>	<b>8444</b>	<b>9256</b>
<b>Оның ішінде жедел түрде</b>	<b>7269-86,1%</b>	<b>7998 – 86,4%</b>
<b>жоспарлы түрде</b>	<b>1175-13,9%</b>	<b>1258– 13,6%</b>
<b>Қайтыс болғаны</b>	<b>196 – 2,3%</b>	<b>192 – 2,0%</b>
<b>Оның ішінде бір тәулікке жетпей қайтыс болғандар үлесі</b>	<b>39- 0,4%</b>	<b>49 – 0,5%</b>
<b>Ота жасалғаннан кейін қайтыс болғандар үлесі</b>	<b>27-0,3%</b>	<b>18 – 0,2</b>
<b>Хирургиялық белсенділік</b>	<b>55,4%</b>	<b>53,5%</b>
<b>Төсек жұмысы</b>	<b>305,5</b>	<b>343</b>
<b>Төсек айналымы</b>	<b>41,3</b>	<b>40</b>
<b>Орташа жатқан күні</b>	<b>7,4</b>	<b>9</b>
<b>Төсек/күн жоспарының орындалуы</b>	<b>98,1</b>	<b>110,0</b>



Отделение	факт.раз вернуты е койки	поступило		сельск.ж нт		выписано		умерло		работа койки		оборот койки		ср.кол-во пребыв.бо льного		летальност ь		сельск. жит. %		план выпол койко вой	
		2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024	2023	2024
Терапия1	40	1236	1591	221	250	1333	1536	42	39	302,7	376,5	34,8	39,4	9,0	9,5	0,1	2,5	17,9	15,7	97,2	133,0
в т.ч. Кардиология	25	847	932	157	173	924	891	33	20	282,8	324,3	35,1	36,4	8,4	8,8	0,2	2,2	18,5	18,6	90,8	114,6
пульмонология	15	389	659	64	77	409	645	9	19	346,5	463,4	34,1	44,3	10,4	10,5	0,0	2,9	16,5	11,7	111,3	163,7
Терапия2	35	931	1306	151	286	1056	1281	40	35	251,6	311,7	34,5	37,6	7,8	8,3	0,4	2,7	16,2	21,9	80,8	110,2
Неврология	15	535	575	78	82	582	561	6	4	253,5	295,6	38,8	37,7	6,8	7,8	0,0	0,7	14,6	14,3	81,4	104,5
Хирургия	32	1369	1496	242	256	1413	1496	17	19	372,7	322,1	54,0	47,3	7,0	6,8	0,1	1,3	17,7	17,1	119,7	113,8
в т.ч. Хирургия	27	1188	1279	201	213	1247	1273	17	19	367,4	328,8	53,8	47,9	7,0	6,9	0,1	1,5	16,9	16,7	118,0	116,2
Урология	5	181	217	41	43	166	223	0	0	414,0	285,8	55,3	44,6	7,2	6,5	0,0	0,0	22,7	19,8	133,0	101,0
Нейроинсультное отделение	25	568	709	68	90	659	684	74	75	280,3	333,1	28,3	30,4	10,6	11,3	0,5	9,9	12,0	12,7	90,0	117,7
Гинекология	30	1754	1761	240	334	1740	1773	0	0	352,4	360,8	66,5	59,1	5,3	6,1	0,0	0,0	13,7	19,0	113,2	127,5
Травматология с нейротравмой	33	1045	1310	153	292	1126	1307	17	20	317,9	348,7	38,1	40,2	8,7	8,7	0,0	1,5	14,6	22,3	102,1	123,2
в т ч травматология	24	755	936	124	211	866	913	10	14	388,9	366,3	45,8	38,6	9,1	9,4	0,0	1,5	16,4	22,5	124,9	129,4
в т.ч. нейрохир.	6	220	272	19	40	200	286	6	6	196,5	333,7	25,0	48,7	7,5	7,1	0,0	2,1	8,6	14,7	63,1	117,9
Челюстно-лицевой хирургии	3	70	102	10	41	60	108	1	0	176,8	237,3	22,8	36,0	7,2	6,8	0,0	0,0	14,3	40,2	56,8	83,9
Реабилитация для 2- го этапа	20	340	443	39	89	344	426		0	290,1	370,5	22,9	21,3	12,7	17,1	0,0	0,0	11,5	20,1	93,2	130,9
в т.ч. реаб. неврол. (2 этап)	9	133	186	16	40	135	182	0	0	219,2	358,1	18,1	20,2	12,2	17,5	0,0	0,0	12,0	21,5	70,4	126,5
в т.ч. травм.(2 этап)	10	192	227	23	43	193	217	0	0	438,4	370,8	34,8	21,7	12,6	16,7	0,0	0,0	12,0	18,9	140,8	131,0
в т.ч. реаб. нейрохир(2 этап)	1	15	30	0	6	16	27	0	0	158	478,0	9	27,0	18,5	16,8	0,0	0,0	0,0	20,0	51	168,9
По больнице 2024 год	230	8502	9191	1192	1679	8253	9064	196	192	305,5	343	41,3	40	7,4	9	2,3	2	14,0	18	98,1	110,0

## КҮНДІЗГІ СТАЦИОНАР КӨРСЕТКІШТЕРІ



## КҮНДІЗГІ ХИРУРГИЯ КӨРСЕТКІШТЕРІ



2023 жылы – 668 хирургиялық науқастар ем алса, оның 569 науқасына ота жасалынды, яғни хирургиялық белсенділік 85,2% құрады

2024 жылы – 715 хирургиялық науқастар ем алса, оның, 631 науқасқа ота жасалынды яғни хирургиялық белсенділік 88,2% құрады






# ХИРУРГИЯ САЛАСЫ БОЙЫНША ХИРУРГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

	2023жыл 11 ай		2024жыл 11 ай	
<b>Тәуліктік стационар ота саны</b>	<b>2388</b>		<b>2468</b>	
	Жоспарлы ота - 411- 17,2%	Шұғыл ота – 1977-82,8%	Жоспарлы ота – 371-15%	Шұғыл ота – 2097-85%
<b>Күндізгі хирургиялық ота саны</b>	569		631	
<b>Жалпы</b>	2957		3099	

## Отадан кейінгі өлім-жітім көрсеткіші




**2024 ж 11 айда 3099 науқасқа ота жасалынды, қайтыс болғаны -18 науқас (2023 ж 11 айда 2957 науқасқа ота жасалынды, оның ішінде қайтыс болғаны-27).**


# ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМШЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ

## Жүгінген пациенттердің құрылымы


2023 жыл 11ай -21862 науқас




2024 жыл 11ай -22860 науқас



## Жатқызылған науқастар



## Жедел келіп түскен науқастар



Жарақат бекетіне келген науқастар саны 2024ж 11ай 9779,  
жатқызылғаны – 1016 науқас.  
(2023ж 11ай 8248, жатқызылған-915)

## 2024 жылы атқарылған іс-шаралар

- Аурухана аумағын көгалдандыру және безендіру жұмыстары және де ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.
- Аурухана бойынша госпитальды фармация бөлімшесін ашу жұмыстары жүргізілді. 2024 жылдың желтоқсан айының 20 күні ашылып, гинекология және оңалту бөлімдерінде жұмыс жасалуда.
- Дәрілік заттарды таңбалау және қадағалау мақсатында бөлімдерде КМИС және 1С бағдарламаларын интеграциялау жұмысы жүргізілді.
- Республикалық бюджет есебінен Облыстық денсаулық сақтау басқармасы тарапынан құны -405 240 000 тұратын жаңа Компьютерлік томограф аппараты және С -дуга рентген аппараты құны -29 241 000 тұратын медициналық құралдар алынып, жыл соңына дейін ауруханаға орнатылуда.
- Медициналық сақтандыру бойынша аурухана медициналық қызметкерлерінің кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру бойынша арнайы Бірыңғай Сақтандыру Пул платформасына қызметкерлерді тіркеу 100% ендіріліп, жұмыс жалғасуда.
- 2024 жылдың желтоқсан айының 9-11 аралығында кезекті медициналық ұйымдар қызметінің аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін тану мақсатында аккредиттеуден өтті.
- Травматология бөлімі бойынша радиожиілікті абляция (РЧД) отасы енгізіліп, ауқымы көбейді.



## 2025 жылға жоспар

- Аурухананың бас ғимаратын және ауласын күрделі жөндеуден өткізуге (аурухана ғимаратының сыртын металлосайдингпен қаптау, шатыр жөндеу, өжіредегі су құбырларын ауыстыру) сметалық құжаттар дайындауға облыстық әкімдіктен қаражат бөлуге сұраныс жасау. Желдету жүйелерін жаңадан орнату.
- Медициналық көмекті өз деңгейінде көрсету мақсатында ауруханаға келетін жедел жәрдем автокөліктеріне кедергі жасамау үшін бөлек кіреберіспен науқастарға келетін және қызметкерлердің автокөліктеріне тұрақ жасау, автокөлік жолдарын асфальттау және бардюр ауыстыру.
- Тұрғындарға тиімді және сапалы медициналық көмек көрсету мақсатында аурухана базасынан ревматологиялық орталық ашу.
- Ангиограф аппаратын орнатып кардиология бөлімін ашу.
- Несеп-ағар жолдарының тас ауруларын емдеу мақсатында қашықтықтан соққы-толқынды литотриптермен (ДУВЛ) қамтамасыз ету.
- Тері және бауыр арқылы өт- жолдарына УДЗ бақылауымен түтік орнату әдістерін меңгеріп, ендіру. Ол үшін біліктілік арттыру немесе жұмыс орнында тәжірибе алмасу қажет.
- Травматология бойынша артроскопиялық оталар аумағының мүмкіншілігін арттыру.
- Нейрохирургиялық оталар бойынша омыртқа жотасына транспедикулярлы бекіту отасын енгізу.





ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
“КӨПБЕЙІНДІ ҚАЛАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ” ШЖҚ КМК

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ !**